

«Қызыл кітапқа» енген балықтар



Жоспар:

- 1) Қызыл кітап
- 2) Балықтар
- 3) Сырдария тасбекіресі
- 4) Пілмай, Арал бекіресі
- 5) Шу сүйрік қанаты
- 6) Шортан тәрізді ақмарқа



Өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау мақсатында 1962 жылы Халықаралық табиғат пен табиғи ресурстарды қорғау одағы құрылды.

Алғаш рет Халықаралық «Қызыл кітап» 1966 жылы басылып шықты.

Қазақстанда « Қызыл кітап » тұңғыш рет 1978 жылы шықты.

Қазақстанның Қызыл кітабы – сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар өсімдіктер мен жануарлар түрлерін қорғау және қалпына келтіру мақсатымен жазылған.





«ҚЫЗЫЛ кітап» екі категорияға бөлінеді

А тобы
жойылып кету
қаупі төнген түрлері


Б тобы
сирек кездесетін
түрлері

Бұл «ҚЫЗЫЛ кітап» екі бөлімнен тұрады

Бірінші бөлімі 1978 жылы жарық көрді.
Ол омыртқалы жануарлар туралы

Екінші 1981 жылы жарық көрді.
Ол өсімдіктер туралы

Қітапта балықтың 18 түрі енгізілген



Айырықша қорғауда 4 түрі бар

Балықтар

Балықтар – ең ежелгі жануарлардың бірі. Олар суда жақсы жүзеді, желбезекпен дем алады. Балықтарда қан айналым шеңбері біреу ғана. Олардың терісінде қабыршақ бар. Балықтар теңізде де, тұщы суда да өмір сүреді. Балықтардың маңызы өте үлкен, олардың майы мен еті өте пайдалы.


Балықтарды алғашқы жақтылар деп атайды. Балықтардың дөңгелек ауыздылардан ерекшеліктері:

- а) қозғалмалы жақтары;
- ә) қос қанаттар;
- б) иіс сезімі және танау тесіктері жұп болады;
- в) желбезектер;
- г) қабыршақ.

Қазір балықтардың 20 мыңға жуық түрі белгілі.

Балықтар екі топқа бөлінеді:

- ✓ бірінші – шеміршекті балықтар,
- ✓ екінші – сүйекті балықтар.



Сырдария тасбекіресі

Құрып бітудің өте сирек кездесетін түрі. Бұрын Сырдарияда мекендеген.

Жойылып кету себебі - суару жүйелерін салудың нәтижесі.

Нашар зерттелген. Денесінің ұзындығы 27 см. Қолдан өсірілмеген.

Осы түрдің сақталған жерлерінде қорық ұйымдастырып, қолдан өсіруді ұйымдастыру қажет.



Пілмай, Арал бекіресі

Жойылып кету себебі - Арал су алқабының ерекше өзгеруіне байланысты.

Денесінің ұзындығы 200 см, салмағы 60 кг. Қолдан өсірілмеген.

Өзбекстанның Қызыл кітабына енгізілген (1983 ж).

Қолдан өсіруді ұйымдастыру қажет.



Шу сүйрек қанаты

Олар тек Арал су алқабында тіршілік етеді.

Аз зерттелген, сирек кездесетін балық.

Денесінің ұзындығы 16 см. Қолдан өсірілмеген.

Оның таралу аймағын және табиғи көбею мүмкіндігін анықтау үшін бұл түрді іздестіруді жалғастыру керек.



Шортан тәрізді ақмарқа

Әмудария мен Сырдария су алқабының өзендері , каналдары мен су қоймаларында тіршілік етеді.

Өзендердегі су құрылыстарының және су жүйелерінің әсерінен жойылып кету қаупі бар.

Саны барлық жерде өте аз.

Соңғы 40 жылда кездеспеген.

Ұзындығы 50 см, салмағы 3 кг .

Оны Республикада қолдан өсіруді ұйымдастырып ,суару жүйелеріне өткізбейтін шараларды күшейту керек .



Жойылып кету балықтың басты себептері:

- Суару жүйелерін салуы;
- Арал су алқабының ерекше өзгеруі;
- Әуесқойлық балық аулау;
- Қоршаған ортаның ластануы;
- Судың құрамын өзгерісу.



сирек кездесетін – редко встречающиеся
құрып біту, жойылып кету – исчезнуть, исчезновение
омыртқалы - позвоночный
жүзеді - плавает
желбезек - жабры
құрылым – строение
қабыршақ - чешуя
қан айналым шеңбері – круг кровообращения
тұщы су – пресная вода
жақтылар – челюстные
кос, жұп – пара (два), пар
дөңгелек ауыздылар - круглоротые
иіс сезімі – осязание
танау тесіктері – ноздри
шеміршек – хрящ
Сырдария тасбекіресі – Сырдарьинский лопатонос

Пілмай, Арал бекіресі – Шип, Аральский осётр
Шу сүйрек қанаты – Чуйская остропучка
Шортан тәрізді ақмарқа – Щуковидный жерех
су алқабы - водная долина, пойма, низина
сағасы – устье реки
суару жүйелері – оросительные системы
қолдан өсіру – ручное выращивание, вырастить руками
таралған жерлері – места распространения
қырылу – вымирать, гибнуть
жойылу – уничтожать

Әдебиеттер:

- 1) [https://yandex.kz/images/search?text=;](https://yandex.kz/images/search?text=)
- 2) <http://kaz2.docdat.com/docs/index-151453.html?page=16;>
- 3) [http://www.fishing.kz/forums/xz-articles/krasnaja-kniga-kazaxstana.294/;](http://www.fishing.kz/forums/xz-articles/krasnaja-kniga-kazaxstana.294/)
- 4) г.ғ.к. доцент Пашков С.В., «Экология» пәні бойынша мәтіндер;
- 5) Т.Ахметова, Барлық мамандықтарға арналған «Қазақ тілі» пәні бойынша мәтіндер.

